

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Зачаганск кентінің кейбір көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Зачаганск кенті әкімінің 2022 жылғы 22 маусымдағы № 5 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 27 маусымда № 28619 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Зачаганск кенті халқының пікірін ескере отырып және Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының Зачаганск кентінің келесі көшелері қайта аталсын:

Строителей көшесін Қайыржан Арыстанәлиев көшесі;

3-Линейная көшесін Сабаз Арыстанов көшесі;

Лбищенская көшесін Қажығали Мұханбетқалиұлы көшесі.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Орал қаласының Зачаган кенті әкімі

А. Аубекеров